

Абдуллаев
Мухаммад Масыгулұлы

Сырлы құнын
шажіресі

Бисмиллаһир-рахманир-рахим

Ей, Ада баласы!

Шүбәсіз сендерді бір ер,

бір әйелден (Адам, Хауадан) жараттық.

Сондай-ақ бір бірінді тануларың үшін сендерді ұлттар,
рулар қылдық.

Шынында Алланың қасында ардақтыларың тақуаларың.

Шексіз Алла толық білуші, әр нәрседен хабар алушы.

Құран-кәрім,

Худжрат сүресі, 13-аят





Аяшинов Дәурен Масығұтұлы

دورن مسعد اولی ۰۰

Сырым руының шежіресі

УДК 929.5
ББК 63.2(5Қаз)
А 99

Аяшинов Д.М.

А 99 Сырым руының шежіресі – Павлодар: Типография Сытина, 2010 – 459 б.

ISBN 9965-08-456-4

Бұл кітапта Сырым руының тармақтары келтірілген. Сонымен қатар жиналған мұрағат материалдары және тарихи мәліметтер берілген.

Кітап жалпы қалың оқырманға арналған.

УДК 929.5
ББК 63.2(5Қаз)

ISBN 9965-08-456-4

© Аяшинов Д.М., 2010 ж.

**Менің төртінші атам
Бектемір Орынбаевқа
арналады...**

Бектемір Орынбаев (1776-1861)

Сырым (Сексен) руының биі әрі батыры. Самай-Жабық бөлімшесінің 1835 пен 1847 жылдардағы ауыл старшинасы. 1835 жылы би Жаманқұл Малайсариннің (Малайсары батырдың кіші ұлы) төрағалық етуімен болған Сырым руының бес старшина жиналысының шешімімен Бәсентиін болысының Болыс басқарушысына Сырым руынан Бектемір Орынбаев үміткер болып сайланды.

Құжаттар:

I. Центральный государственный архив Республики Казахстан. Фонд И-374, Опись 1, Дело №3892 стр. 158-159

№27

1842 г, октябрь. Рапорт Баян-Аульского внешнего окружного приказа в Программе управления Сибирскими казахами.

Приложение. Именной список султанов, биев, старшин Баян-Аульского внешнего округа.

Бектемир, сын Урунбаев, старшина 59 лет. Буйного характера, раздражителен и вздорен. Порядочного состояния. Басентиинской волости, рода Сырымского, отделения Самай-Джабыкского, подразделения Сексенского. С 1835 года аульный старшина. Награжден старшинским званием. Неоднократными буйствами и непослушанием мало доказывает преданности своей к российскому правительству. Летние кочевки при озере Акуле и речке Уленте, в 160 верстах на юго-запад; зимние – на урочище Тасуленте, в 100 верстах на восток от приказа.

II. Центральный государственный архив Республики Казахстан. Фонд И-374, Опись 1, кн. 2 Дело №1823 стр. 19-21

№18

Баян-Аул, 8 октября 1835 года

В Баян-Аульский окружной приказ от заседателя Тихоновича.

Донесение на счет устройства Басентиинской волости:

В дозволивших мне произвести устройство Басентиинских родов по исчислению оказалось: в Басентиинском 623 кибиток, Буринском – 178, Апаевском – 294, Сырымовском – 322 и Актылевском (Бийгайшевском отделении) – 70.

По сему числу и по возможности разделения, избрано Аульных старшин в первом – 10, втором – 2, третьем – 5, четвертом – 5 и в пятом – 1. Всего составлено 24 аула.

По окончании сих занятий предположено было мною из всех означенных родов составить две волости: одну из рода Баимбетовского, как многочисленного, и другую из прочих родов, заключающих в себе 922 юрты.

Но при есмь дел между Киргизами возникло другое расстройство. Сырымовский старшина, избранный перед этим в Старшие – Бектемир Урунбаев, имея непреодолимое желание занять место Волостного управителя, которое предо мной обнаружил еще до того времени, просьбой содействию ему в таком желании и узнав что прочие роды до собрания своего уже согласились выбрать в означенное звание Старшину Майора Казангапа Сатыбалдина, склонил пять аульных Старшин Сырымского рода, заведующих 322 кибитками, удерживать его сторону.

Следствием его было, что никто из Киргизов не явился ко мне за всеми убеждениями через толмача Никонова и утверждениями, что им предоставляется полная свобода избирать кого хотят; что необходимо только соединиться с прочими Киргизами для общего совещания. По сему предложенному и в случае согласия с ними, приложить в том печати и тамги свои на приговор. Ответ Бектемира состоял в том, что они не избирают Волостного управителя до того, до коль не увеличат волости своей до положенного уставом числа юрт, присоединением к себе состоящих против Усть-Каменогорска их родичей, на которых впрочем трудно ожидать согласие последних, как от давних лет там кочующих и не имеющих надобности, до честолюбивых расчетов Бектемира. Почему я принужден был допустить выбор Волостного управителя Басентиинской волости, без участия упомянутых аулов рода Сырым и о таком обстоятельстве обязанностью считаю представить Окружному Приказу для испрошения у высшего Начальства особого разрешения на счет сих упорных Киргизов.

Заседатель Тихонович
8 октября 1835 год

II құжатқа түсініктеме:

Халық пен мал санағының деректеріне сәйкес 1836 жылы 1176 ер адам және 1568 әйел адам болған, барлығы 2744 адам, олар 750 үйді құрайды.

1822 жылғы Жарғы бойынша болыстың құрылуы мен болыс басқарушысын сайлау 500-700 киіз үй болған жағдайда ғана мүмкін еді. Сондықтан Бектемір Орынбаев бастаған Сырым руы старшиналарының қойған талаптары шындыққа негізделген болатын. Жалған хабар жеткізу жолымен Баянауыл сыртқы округының заседателі Тихонович Бәсентиін болысының болыс басқарушысының сайлауына Сырым руының қатысуына жол бермеген. Жеке болыстың құрылуы туралы мәселе

де үнемі кейінге қалдырыла берген. Тек 1868 жылы ғана Семей облысынын құрылуымен жеке «Сырым-Күшік-Бәсентіін» болысы құрылды.

Бектемір Орынбаев 86 жасқа дейін өмір сүріп артынан төрт ұл қалдырған. Кенже ұлы Адамбай Бектеміров әкесінің 63 жасында дүниеге келген. Адамбайдан Аясын туған, ол – біздің тегіміздің негізін салушы.

III. Болыс басқарушысын сайлау туралы Өтініштен үзінді, 1835 жыл.

Бектемір Орынбаев
Бектемір Орынбаев
Адамбай Бектеміров
Аясын Бектеміров
Аясын Бектеміров

Мазмұны

Автордан.....	7
Сырым руының тарихынан (Бәсентиін).....	8
Малайсары-Тархан.....	12
Құттымбет би Қостайұлы.....	16
Төлебай сал Есбергенұлы.....	18
Әбділдә (Ақбалық Хазірет)	20
Халық санақтары.....	23
Мұрағат материалдары	25
Тармақтар.....	189
Мұрат-Таңаш (Шегірі)	195
Бұжыр-Бұлай (Абыз).....	227
Досым	257
Сексен	283
Тоқсан	307
Қожағұл	363
Нияз (Көжей).....	373
Жанболат, Тоқа (Жабық).....	379
Құттымбет - Жалаң	393
Әдебиеттер тізімі.....	455

Автордан

Мәкежан атамнан берілген шежіре қолжазбалардың арқасында, сондай-ақ өз әкем Аяшинов Масығұт Мәкежанұлы мен немере ағам Мақсұт (Мақсан) Мәкежанұлының көмегімен 2009 жылы «Сырым руының шежіресінен» атты бірінші басылым жарық көрді, ол кітап «Сырым» руының шежіресінің толық нұсқасын шығару мақсатында осы бағыттағы ақпараттарды жинақтау мен зерттеуге бастама болған еді.

Осы басылымды жазған кезде ғылыми тәртіп ретіндегі қазіргі тарихнамада қалыптасқан ережелер есепке алынды. Сондықтан негіз ретінде 1822 мен 1928 жылдар кезеңіндегі құжаттардың сақталып қалған түпнұсқалары қолданылды. Осы түпнұсқаларды Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мұрағатынан, Омбы облысының тарихи мұрағатынан, Павлодар облысының мұрағатынан, Шығыс-Қазақстан облысының (Семей) мұрағатынан тауып алу бойынша үлкен жұмыс атқарылды. Кітапта «1903 жылдан бастап 1910 жылдардағы қырғыздардың жер пайдалануы жөніндегі материалдар» ауыл бойынша схемалары, жеке жазбалар пайдаланылды.

Біздің руымыздың өкілдері шашыраңқы орналасуына байланысты шежіренің қазіргі жағдайының толық көрінісін қалпына келтірудің мүмкіндігі болмай отыр. Бірақ бұл басылымның құндылығы Сырым руының генеалогиялық тармағының негізгі тамырының (XVIII. XIX ғасыр) көрсетілуінде және көптеген мұрағат құжаттарының жарыққа шығуында болып отыр. Сөйтіп бүгінгі күнге дейінгі бес ұрпақ (бес ата) туралы мәлімет қолда болған жағдайда өз тармағынды қалпына келтіру қиын іс емес.

Заманауи технологиялар қазіргі күнде кез келген кітапты «жанды» ете алады, сондықтан мен www.sygym.kz – Сырым руының шежіресі атты Интернет-ресурсын құрдым, соның көмегімен біз сіздермен бірге оған күн сайын жаңа ақпарат қоса аламыз, қарым-қатынас жасай аламыз, іздестіру салып өз руымыздың тамырын қалпына келтіре аламыз.

Көптеген өмірбаяндар келіп түсіп жатқандықтан бұл тақырыптағы барлық ақпарат кітапқа енбей қалды, сондықтан олар сайтқа орналастырылды.

Мүмкіндікті пайдалана отырып шежіре бойынша ақпарат жинауға зор көмектерін көрсеткен өз ағайындарыма зор алғысымды білдіргім келеді.

2010 жыл, Аяшинов Дәурен Масығұтұлы
dau_022@mail.ru

Сырым руының тарихынан (Бәсентиін)

Бәсентиін руы туралы түпнұсқалардағы алғашқы естеліктер XVIII ғасырдың басына жатады, бірақ рудың бұдан да ерте құрылғаны анық. Қазақ шежірелеріне жүгінетін болсақ бәсентиіндердің шығу тегі мына түрде берілген: Арғын – Қотан – Дайырқожа (Ақжол би) – Қарақожа – Қарасопы – Бәсентиін. Бәсентиін руының құрылуын басқа да арғын рулары сияқты шартты түрде XVI ғасырға жатқызуға болады.

XVIII ғ. басында Қазақ хандығына жойылып кету қаупі туған еді. *«Первое десятилетие XVIII в. было ужасным временем в жизни киргизского народа. Джунгары, волжские калмыки, яицкие казаки и башкиры с разных сторон громили их улусы, отгоняли скот, уводили в плен киргизов целыми семействами»,* – деп жазды Ш. Уәлиханов. Әсіресе жоңғарлардың 1723 жылғы шапқыншылығы қатты тиген еді, бұл уақыт халық жадында «Ақтабан шұбырынды» деген атпен қалды. Көптеген қазақ тайпалары осы кезде ортаазия мемлекеттерінің территорияларына кетіп қалған еді, ал арғын руының үлкен бөлігі Бетпақ дала территориясында орналасқан болатын. М. Тынышпаев жазғандай, басқа тайпаларға қарағанда арғындар көп зардап шекпеген, және басқыншыларға қарсы күресті үнемі арғынның батырларының басқаруы жөніндегі деректер де осы жағдаймен байланысты болса керек. Сөйтіп бүкіл халық болып қарсыласудың алдыңғы қатарында Малайсары, Барлыбай, Сырымбет және т.б. сияқты бәсентиіннің аңыз болған батырлары жүрген.

Жоңғарларға тойтарыс берген соғыстар жаңа құрылған Қазақстанның оңтүстігінде орналасқан басқа да қазақ руларын еліктірді. Мысалы 1731-1732 жылдарда Қазақстанда болған Ресейдің елшісі А.И. Тевкелев оны былай атап өтті *«Средней Орды знатная старшина Казебек-бий своим родом, называемой аргин-каракисьяк, с четырьмя тысячами кибитками уже при бытности его, бригадира Тевкелева, прикочевал в здешнюю степь, и в каком состоянии Казебек-би со своим родом пришел, едва не все были пешие...»*. Осыған байланысты алынған жерлерін өз руластарына қалдыра отырып бәсентиіндер Баянауыл бағыты бойынша солтүстікке қарай жылжыды. Солай деп Н.Н. Балакшиннің (1882 ж.) баяндамасында жоңғарлармен соғыстағы арғындардың әрекеті былай хабарланды: *«двигались тремя партиями. Прежде из-за Каратауских гор к р. Чу и к Улутавским горам направились момуны, состоявшие из двух союзов бегендык и чегендык; в числе их были рода: атыгай, богыс, канджигалы, табуклы, серджетим чакчак, басентеин, караул. Далее басентеин и табуклы ушли к Баян-аулу»*.

«1903 жылдағы қырғыздардың жер пайдалануы жөніндегі материалдарда» да солай көрсетілген: *«приход рода Басентиин приходится на начало XVIII века»; «По видимому, Басентиинские роды пришли в Павлодарский уезд из Туркестана раньше Суюндуковских родов»; «Внук младшего сына Айдабола – Олжабай батыр, служивший Абылайхану, в 1730 году появился в Баянаульских горах. Олжабай здесь достал калмыков, которые после долголетней борьбы были отброшены киргизами на юг»*.

да бәсентиін руының 2129 үйі тұратыны оған 345 сырымның отбасы енетіні көрсетілген. Баянауыл сыртқы округы құрылған соң бірнеше жылдар бойы Сырым руының жеке болысын құру туралы мәселе көтеріліп келді (Алғысөзде 1835 жылғы құжат келтірілген).

XVIII ғасырдың аяғы мен XIX ғасырдың басында Сырым руының негізгі бөлігі (Досым, Абыз, Сексен, Тоқсан, Мұрат, Қожа, Нияз бөлімшелері) Баянауыл сыртқы округының аумағында көшіп жүрді. Жалаң-Құттымбет бөлімшесі Семей сыртқы округының шегіндегі Қалмақ қырған мекенінің шығыс жағында көшіп жүрген.

1840 жылы аға сұлтан Тұрлыбек Көшеновтің (сұлтан дегеніміз «Сібір қырғыздарының Шекаралық басқармасында» қазақтардан аға кенесші) басшылық етуімен Жалаң-Құттымбет бөлімшесінің 140 үйі Омбы уезінің (Покровская болысы) аумағына көшіріледі. 1902 жылдағы «Омбы уезінің қырғыздарының жер пайдалануы жөніндегі материалдарда» жазылған: *«Все старшинство принадлежит к роду Срым, здесь живут уже лет 60: пришли из Павлодарского уезда с урочища Калмак-Кырган и образовали четыре кыстау на урочищах Тастыкуль, Джаркайин, Сыркумген и Бурнак, из этих аулов впоследствии выделились остальные аулы группы. Сюда собрал их старший султан Акмолинского округа Турдубек Кошенов»*. Кейінірек Қарасырым және Сарысырым ауылдары құрылған. Бұрынғы Покровская болысының территориясы қазіргі уақытта Сілеті-теңіз көлінің айналасындағы Көкшетау, Петропавл, Омбы облыстарының құрамына кіреді.

1860 жылы Сырым руының 60-тан астам үйі (Жанболат бөлімшесі) Төлебай сал Есбергенұлының жетекшілігімен Ақмола уезінде (қазіргі Қарағанды облысының Жаңарқа ауданы) орналасқан Айтқожа-Қарпық болысына (Тоқа руы, болыс басқарушысы – Шоң Телғозин) қайта көшеді. Төлебай сал (1823-1898, Сырым-Жанболат) – ақын, шешен, сал адам болған және би Шоң Телғозиннің жақын туысы әрі досы.

1868 жылы жеке «Сырым-Күшік-Бәсентиін болысы» құрылған еді (бұрын Бәсентиін болысының құрамына енген). 1878 жылы жаңадан «Қалмақ қырған болысы» атауын алады, ал 1887 жылы Ақсу болысының құрамына кіреді. 1898 жылы Сырым руы жеке Бестау болысы болып 6 ауылымен бөлініп шыққан. 1923 жылы тағы да Бестау болысы мен Атағозы (үш ауыл) бірігіп бұрынғы «Қалмақ қырған болысы» атымен аталады. Ал 30-жылдардың аяғында болыс таратылады да Баянауыл ауданының құрамына кіреді.

«Мұрағат материалдары» бөлімінде рулардың орналасуы жөніндегі тарихи мәліметтер, ауылдардың көрінісі, 1830 бен 1926 жылдардағы халық санақтары берілген. Старшиналар, билер және болыс басқарушылары туралы мәліметтер бар, мекендердің, қыстаулардың атаулары келтірілген, басқа да құжаттар берілген.

1836 жылы Сырым руының ересек адамдар саны (Павлодар уезінде тұратын) 2744 адамды құрайды. 1915 жылы – 3485 адам. 1920 жылы Бестау болысының санақ деректері бойынша – 3305 адам. 1925 жылы – 1646 адам.

XXғ. басталуымен және Кеңес үкіметінің орнауымен қатар біздің руымыздың тарихындағы ең ауыр жылдар басталған еді. Келтірілген статистикалық деректер бойынша 1916 жылдағы көтерілістің, азаматтық соғыстың, 1919-1921 жылдардағы аштық пен соған байланысты басқа да құбылыстар салдарынан халық санының күрт төмендеуі байқалады. Бірақ, басты қайғы әлі алда болатын. 1929-1932 жылдардағы сталиндік коллективтендіру халықтың үштен бір бөлігінен көбін алып кетті. Руымыздың көптеген өкілдері Алтайға, Ресейдің оңтүстік облыстарына, Қазақстанның оңтүстігіне, Қытайға қашуға мәжбүр болды. Ақырында 1938 жылы бұрынғы Бестау болысының халық саны 503 адам ғана болды. 1939 жылы күннің жылынуымен олардың барлығы бірдей қайтып келе алған жоқ. Ауыр соғыс жылдары да көп жандарды жалмап кетті.

Барлық қазақ халқының басына түскен қиын-қыстау және сынақ жылдарына қарамастан Сырым руы сақталып қалды және тәуелсіз Қазақстан дәуірінде олардың саны үздіксіз өсуде. Қазіргі Павлодар облысы Май ауданының территориясы біздің руымыздың отаны болып табылады. Бүгінгі күнде ол жерде біздің ағайындарымыз тұрып, жұмыс істеп жатыр. Көбі Екібастұз, Павлодар, Қарағанды, Көкшетау, Семей, Омбы, Астана қалаларында тұрады.

Малайсары-Тархан

Қазақ халқының тарихындағы ең атақты батырлардың бірі – Малайсары батыр (Бәсентиін – Сырым руынан, Павлодар облысы Май ауданы) XVIII ғасырда Қазақ хандығы өз тарихындағы қиын-қыстау кезеңдердің бірін басынан өткеріп жатқанда туған. Көршілес халықтардың шапқыншылығынан қазақ рулары өз территориясының көптеген бөлігінен айрылып қалып, енді халқының сақталып қалуын ойластыра бастаған кез. Хандар мен сұлтандардың билігі бұл кезеңде әлсіздік танытып, ішкі тартыстардан жағдай ушыға бастаған еді.

1723 жылдың көктемінде жоңғар қонтайжысы Қалдан-Серен өзінің ескі жауларын біржолата қирату мақсатында қазақ жеріне өзінің сүйікті ұлы – батыр Шоно-Лоузанның басшылығымен үлкен әскер жібереді. Шабуылдың жылдың осы мезгілінде жасалуы кездейсоқ емес еді, өйткені ұзақ қыстан шыққан көшпенділер әлсіреп қалып мұндайда қарсыласуды ұтымды ұйымдастыра алмай қалатын. Олардың бұл есептері ақталды да, себебі жазық даланы кеңінен жортқан жоңғар отрядтары қазақ халқына көп қайғы әкелді, және бұл уақыт халық жадында «Ақтабан шұбырынды» болып жатталып қалды.

Азаттық күресі жоңғарлар шабуылының бірінші күнінен-ақ басталып кетті, бұл соғысты туған халқын құтқару жолында өз өмірін аямаған батырлар бастады. XIX ғ. басында Я. Гавердовский көрсеткендей «ержүрек батырлары мен сол уақыттың қайғылы жағдайлары осы күнге дейін орда аңыздарында сақталған. Шаштары ағарған шалдар марқұм болғандардың мәйітін жасырып тұрған таудай үйілген топырақты көрсетіп: бұл жерде еркіндік үшін күрескен біздің батырлар жатыр дейтін».

Қан майдандағы осындай ұрыстардың бірінде Малайсары батыр ерекше ерлігімен көзге түсті. Ш. Уәлиханов өзінің жұмыстарының бірінде былай деп жазды: «Осы шым-шытырық, ұрыс-керіс, аштық жылдарында, жоңғарлар, буруттар, башқұрттар, қарақалпақтар, орыс казактары, еділ қалмақтары қорғансыз халықты жан-жақтан тонап ығыстыра бастағанда Малайсарының аты шыға бастады».

В. Никитин сияқты зерттеушінің мәліметіне жүгінсек, Малайсары батыр жоңғар тайпаларының басып алған Сарыарқа жерінің дәл ортасына өтіп, Қарқаралы тауларында қорған салған. Жоңғар әскербасылары барлық күштерін салғанына қарамастан батырдың ордасын ала алмаған. Малайсары мен басқа да мықты батырлардың ойсыратқан соққысынан жоңғарлар соңында тіпті қазақ жерлерін тастап қаша бастаған.

Осы табыстарынан күш алған қазақ тайпалары күштерін біріктіріп бір тудың астына жинала бастайды. Қазақтың үш жүзінің біріккен қолы жоңғар әскеріне бірнеше талқандата соққы беріп, 1730 жылы Аңырақай шайқасында шешуші кезеңге қол жеткізеді. Жоңғар қонтайжысы бейбіт келісім ұсынуға мәжбүр болады.

Бірақ Қалдан-Сереннің өз жеңілісін мойындайтын ойы жоқ еді, оған керегі жаңа күш жинау үшін біраз уақыт ұту болатын. 1739 жылдан бастап жоңғар

әскерлері қазақ көштеріне шабуылдауды тағы бастады. Әсіресе 1741 жылдың көктеміндегі қарулы артиллериясы бар жоңғардың отыз мыңдық қолы үш қатармен жылжып Орта жүз тайпаларын аяусыз шабуылдағаны өте ауыр тиді. Дәл осы уақыттағы ұрыстардың бірінде жас болса да халыққа аты шыққан сұлтан Абылай жоңғарларға тұтқынға түскен еді. Бірақ бұл жолы да қазақ батырлары жаудың басым күшіне тойтарыс бере алды. Осылай деп 1741 жылғы жаздың басында қырғыз К.Чюганов ресей өкіметіне хабарлаған еді: «Қазақ ордасы өткен (ақпан) Чеган Цара айында зор қалмақ күшімен шайқасты және Қазақ ордасы жаудың оң қанатынан келіп соғып сол қалмақтың күшін жеңіп шықты».



Нәтижесінде ауыр шығынға ұшыраған екі жақ арасында уақытша бітім жасалды. Ақтық бейбіт келісін жасау үшін 1741 жылдың күзінде Жоңғар еліне қазақ елшілері келеді. Жоңғар қонтайжысы кездесу кезінде жыл сайынғы алым-салық пен қатар көптеген белгілі қазақ билеушілерінің ұлдарын (кепілгер) аманат ретінде алу туралы өздерінің үзілді-кесілді талаптарын қояды. Қонтайжы тек осы шартпен ғана Абылай сұлтанды босатуға келісін беремін деді. Ал талаптары орындалмаған жағдайда Қалдан-Серен әскери әрекетін қайта бастайтындығын айтты.

Жоңғар ханының бұл талаптары қазақ таңдаулыларының бөлініп-жарылуына әкеп соқты. Басқарушылардың бір бөлігі қойылған шартпен толықтай әрі сөзсіз келісу қажет деп есептеді. Басқалары Қалдан-Сереннің барлық ниетіне қарсылық етіп соғыстың жалғасуына даярлығын білдірді. Бұл екі жауаптың ешқайсы да халық мүддесімен сәйкес келмейтіні анық еді.

Осы кезде Малайсары батыр өзінің тек әскери ғана емес дипломатиялық та таланты бар екенін дәлелдеп алдыңғы қатарға шықты. Ол 1742 жылдың күзінде Жоңғар еліне бағыт алған қазақ елшілігін басқарды. Жоңғар билеушісіне ол бар жоғы үш аманат қана ұсынып осымен қанағаттануын сұрады. Қалдан-Серен бұған қатты ашуланды, бірақ Малайсары дәл жаудың ұясында тұрғанына қарамастан басын тік ұстап тайсалмай: «Бізден Ресейдің өзі еш аманат талап етпейді, ал сен болсаң Ұлыресей мемлекетінен артық болғың келеді» деген еді.

Бұл өте қауіпті адым еді және құдыретті жоңғар билеушісімен мұндай басымдықпен сөйлесуге қорықпаған адам оп-оңай басынан айрылуы мүмкін еді, бірақ кенеттен Қалдан-Серенге қазақ батырының батылдығы ұнап қалды. Қонтайжы қазақ жағының шартына келісін беріп, талаптарынан бас тартты. Тұтқыннан Абылай сұлтан да босап Малайсары батырмен бірге туған жеріне

қайтты. Ақырында Қалдан-Серен сұлтанға да, батырға да бағалы сый-сыяпат береді. Солай деп 1743 жылдың қыркүйегінде башқұрт Т.Балтасев ресей өкіметіне хабарлайды: «Абылай мен Малайсарыға өзінің қол астында тұратын тәшкенттік атақты сарт Қалдан-Чиринді берді, әйелдікке бір-бір қызынан, оның үстіне Абылайға Тәшкенттен бірнеше жерін иелікке беруге уәде етті... Ал Малайсарыны өзіне жақын төрт адамның бірі етіп шақырды, оған қоса жүз бие берді». Басқа да айтушылардың мәліметіне қарағанда, Қалдан-Серен Малайсарымен бірге жоңғар тұтқынындағы көптеген қазақтарды еш өтеусіз жібере салған және батырға тархан атағын берген. Осының бәрі қазақ пен жоңғар арасындағы бітімді жасасуда Малайсары батырдың өте ерекше роль атқарғанын дәлелдейді.

Абылай да өзінің құтқарушысына өмір бойы разылық білдіріп өтті. Ш.Уәлиханов жазғандай «Малайсарыны халық та, Абылай да құрметтеді және ол бір баста сирек кездесетін құндылықтар – байлық пен ақыл және батылдыққа ие болды. Абылайдан оның серіктестерінің ішіндегі ең биігі кім деп сұрағанда ол Малайсары деп жауап берген екен, деген аңыз бар».

Малайсары батырдың Қалдан-Серен өлгеннен кейін де өз міндеттерін адал атқарғанын айта кету керек. Соның нәтижесінде жоңғарлар мен қазақтар арасында бейбіт заман орнағаны көптеген деректерде айтылған. Екі көшпенді халықты бір-бірімен шағыстырғысы келген басқа күш иелері де осы әржақты достық қатынастарды бұза алмады. Осылайша, 1751 жылға дейін жоңғар елінде жоғары билікке үміткерлер арасында жанжал басталғанша жалғасты.

Сұлтан Абылай жоңғар тағына өзіне жағымды үміткерді бекітіп, оны өзінің айтқанымен жүргізіп отыру үшін осы жағдайды бірден пайдасына жаратуға шешті. Малайсары батыр бұл жоспарға алғашында төтенше қарсылық білдірді, тіпті оны көптеген қазақ көсемдері де қолдады. Оның бұл әрекеті өзінің бәсентиіндер руын және басқа да қазақ руларын жоңғарлармен соғыстан қорғап қалу тілегімен байланысты еді. Осы әрекеттердің арқасында Малайсары мен оның ағасы Қайдауыл жаудың шапқыншылығынан көптеген қазақ тайпаларын қорғап қалды. Бұл жерде қазақтар арасындағы жанжалды болдырмау және халық бірлігін сақтау үшін қиындықты еңсеріп, Абылайды қолдай білген батырдың даналығын айта кету керек. Осы мақсатта Малайсары өз әскерімен Жоңғар еліне сапар шеккен сұлтанның қолына келіп қосылады. Тағдырдың жазуымен осы сапарда талай қанды соғыстан өткен ұлы батыр жау оғынан мерт болды. Оны әскері Жоңғар Алатауының бір сілемінде жерлеген, содан бері ол жерді халық Малайсары атап кеткен. Сол күннің оқиғалары Ж. Аймауытов атындағы Павлодар музыкалы-драма театрында «Малайсары-тархан» қойылымында көрініс алған.

Әрине, жазба деректерде Малайсары батырдың аздаған әрекеттері ғана сақталған, десек тағы осы үздік айғақтар XVIII ғасырда Қазақстан тарихында оның үлкен роль атқарғанын мәлімдейді. Осындай аты аңызға айналған батырдың есімі осы күнге дейін жадымызда, тіпті Малайсарының өзі туралы, оның ағасы атақты батыр Қайдауыл туралы, айбынды қарындасы Қабанбай батырдың әйелі – Гаухар батыр туралы көптеген аңыздар мен әңгімелерді ақсақалдар әлі де айтып берері анық. Осының бәрі халықтың өз батырын соншалықты құрметтеп жақсы

көргендігін айғақтайды. Елі үшін жанын қиған жалпыұлттық масштабтағы ірі тарихи тұлғаның есімі осы күнге дейін оның туған жерінде сыйлауға тұрарлықтай еленбей келетіндігін әділетсіздікке жатқызар едік. Павлодар облысы интеллигенциясының Кутузов немесе Ленин көшесін батырдың атымен атау туралы өтініші (2003, 2005 ж. «Сарыарқа самалы» газеті, 2008 ж. «Егеменді Қазақстан» газеті) осы күнге дейін елеусіз қалып келеді.

Қ.Қ. Қайдаров. ИнЕУ-дің профессоры, вице-президенті. Павлодар к.

Құттымбет би Қостайұлы (1680-1757)

Құттымбет би (Бәсентиін – Сырым) шамамен 1680 ж. Түркістан жерінде дүниеге келген. 1730 жылдары Малайсары батырмен бірге қалмақтарды қуып Қарқаралы жеріне өткен. Абылхайыр ханға көмек жасап, бірнеше рет Ресейге, патшаға дипломат делегациясын басқарып барған. Жерленген орны Қарқаралы.

Бір үлкен жиында Құттымбет бабамыздың даналығына таң-тамаша болған, бұрын ол кісіні көрмеген бір адамдар «руың кім, қай жүздің баласысың?» деп сұрапты. Сонда Құттымбет бабамыз былай жауап берген екен:

Сұрасаң руымды Сырыммын Қостай-Жалаң,
Жалаң қылып жаратқан Хақ Тағалам.
Затым қазақ, баласы мұсылманның,
Раббым Аллах, пайғамбарым Мұхаммад (с.ғ.с), дінім Ислам.
Кітабым Құран, Қиблам Қағба, Мазһабым Имам Ағзам.
Қазақ жұрты аман болсын менің елім,
Ұрпақтары адаспасын хақ жолынан,
Бұхарада Бахауддин пірім менің,

деп бұрын көрмеген адамдарына өзін таныстырып өткен екен.

Семізбай ақсақалдың (Омбы қ.) жазып берген аңызы

Құттымбет бабамыздың он баласының барлығы ер жетіп, шаңырақ құрған уақыт екен. Бабамыздың жасы ұлғайған кезі болса керек. Ол кісі айына екі-үш рет жылқышылар таңертең жылқыны өзенге суға қарай айдағанда, таң намазынан кейін жылқысын қарсы алып, бір қарап өтеді екен. Сол дағдысымен бір күні таң намазынан кейін жылқыны күтіп алуға шықса, бір бие құлындап жатыр екен, жас құлын ойнақ салып, жатқан биенің ол жақ, бұл жағына қарғып секіріп жатқанын көреді. Жылқышыларды шақырып алып, «жаңа туған құлынды бауыздап тастандар» деп айтып, ауылға қарай бет алады. Жылқышылар себебін сұрамайды да, өзара ақылдасып жас құлынды аяп соймайды. Арада біраз күн өткеннен кейін бабамыз дағдысы бойынша жылқының алдынан шықса, жас құлын барлық жылқылардың алдынан оқ бойы озып, өзенге қарай шауып келе жатыр екен. Бабамыз жылқышылардан құлынды соймаған себебін сұраса, олар мәнді жауап бере алмапты.

Сосын олар бабамыздан сұрайды екен:

– Қазір сойып тастасақ қалай болады? – деп.

Бабамыз:

– Енді соймандар деп айтады да, өзі:

– Қай отаудың жылқысынан? – деп сұрапты.

Жылқышылар:

– Қабанбай, Жаманбай бабамыздың екінші әйелінен туған балаларының жылқысынан туған құлын – деп жауап беріпті.

Бабамыз сонда:

– Қабанбай, Жаманбай балаларының ұрпағы аз, барлық тілектері жылқыға ауады, – дейді.

«Сол жаңа туған құлын үш жүзге аты шыққан, сайыста, бәйгеде алдына мал салдырмаған атақты сәйгүлік тұлпар Сұржағал болды» деп айтылады аңызда.

Төлебай сал Есбергелұлы (1823-1898)

Қарағанды облысы, Жаңарқа ауданының көлемінде өмір сүрген. Жерленген орны – Қарағаш орман шаруашылығына қарасты жер. Руы Бәсентиін – Сырым (оның ішінде Жанболат).

Төлебай салдың шешендік сөздері мен елдікті, ерлікті, адалдық пен имандылықты, руаралық бірлікті насихаттайтын терме-толғаулары көп.

Затында салдық-серілігінен гөрі сөз тапқырлығы, пәлсапалық тұжырымдарға негізделген шешендігі басым болған.

Шорманның Мұсасына айтқаны:

Айдын көлде сын болмас,
Суалып суы норласа.
Арғымақ атта сын болмас,
Мойнында жалы қалмаса.
Қыран құста сын болмас,
Тұғырға түлеп қонбаса.
Ер жігітке сын болмас.
Кедейлік, кәрілік торласа.
Жеңім неге жыртылмасын,
Өздеріңдей азамат,
Қадір білмей қорласа?!

Телғозының Шоңына айтқаны:

Сал-саласы көп болса,
Айдын көлдер суалмайды.
Жапырағы көп болса,
Бәйтеректер қуармайды.
Ел басшысы әділ болса,
Нашары кетуге қия алмайды.
Ел басшысы залым болса,
Нашары көз жасын тыя алмайды.
Қас сұңқардың баласы,
Қорлық көрсе тұра алмайды.
Қас жаманның баласы,
Басқа тепсе ұялмайды.

Баласы өлгенде Шоңға көңіл айтуы:

Қазанның дауылы ұрып,
Бәйтерек жапырағы қағылғандай.
Жаңғақтың дәні жерге түсіп,
Жардағы тасқа шағылғандай.
Перзентіңіз дүниеден көшіпті,
Пейіштің төрін сағынғандай.
Қазаға қарсылық еткен пенде,
Болады тәубасынан жаңылғандай.
Әлі-ақ балаңыз алдыңыздан шығар,
Аз күн адасып табылғандай.

Бірде Тоқа Серкебай руының жуандары Төлебай салдың жылқысын барымталап қуып әкетеді. Төлебай Шоңға барып көрген қорлығын айтып, малын даулайды. Серкебайлар да Тоқаның Дәулетбикеден тарайтын бір атасы, Шоңға жақын. Шоң да ашып ештеңе айта қоймайды. Шоңға өкпелеген Төлебай сал 61 үй бәсентиінді бастап Ерейментаудағы қалың бәсентиіндер еліне кетеміз деп Сапы көлінің басына келіп қонады. Төлебай сал кеткелі жатыр дегенді естіген Алтай-Қарпықтың жақсы-жайсандары күйзеліп, Төлебайға келе бастайды. Алтай Әлке-Байдалыдан шыққан Бабас атасының бетке ұстары Ажақай, Түсіп келеді. Төлебай сал бұл екеуін құшақтап тұрып:

«Көл сағалы болса, өзегі құрып, суалмайды.
Қарағай шайырлы болса, қиып алған найза сап қуармайды.
Руы бардың бұруы бар, руы жоқтың ұлуы бар» деген екен..

Әбділдә (Ақбалық Хазірет) (1833-1918)

Бытының алты баласының ең кенжесі Әбділдә (кейінгі аты – Ақбалық хазірет) дүниеге шамамен 1833 жылдары келсе керек. Әбділдәнің жасы 20-ға толған кезде елде үлкен жұт болып, ол туған жерімен қоштасып, кетуге мәжбүр болады. Жаз бойы бір сартқа жалдамалы жұмыс істеп, Тәшкентке мал айдайды. Сөйтіп, жүріп Тәшкенттің медресесіне оқуға түсіп, онда 3 жыл оқиды. Үйрене келе қойды Бұхарға айдайтын болады. Бұхардың медресесіне де оқуға түсіп, 12 фәнді тәмамдап, барлығы 21 жыл оқудың нәтижесінде 44 жасында хазірет атағына ие болады. Ел адамдарының айтуынша хазіреттің алтын мөрі (алтын медаль сияқты) болған екен. Бұхарда 2-3 жыл қызмет атқарғаннан кейін ол сұранып елге оралады. Бестаудың жанынан (Сарытауда) мешіт-медресе салдырып, сол өңірдегі ауылдардың балаларын оқытады, елге ислам дінін, имандылықты уағыздайды. Ол кісі Сырым ішінде Токсан, оның ішінде Қысырау.

1905 жылы ақ патшаға қарсы мұсылманның туын көтеріп, мұсылмандарды біріктіру туралы уағыз айтқан.

1916 жылы 83 жастағы Ақбалық хазірет былай депті: «Түс көрдім. Иншалла, қазақ азаматтары әскерден алынуудан аман қалар. Әлихан алаштың қамын жеп жүр ғой».

Ақбалық хазірет қайтыс болар кезде алдына немересі Сапажанды әкелгенде: «Жерді сары алтынға толтырсаң көзің шалмас күн болар» деп бұрынғылар айтқан уақытқа да жеттік қой деген екен. Яғни жанды-жансыз асыл қазыналардың керексіз болатын сәті келді дегені.

Ақбалық хазіреттің зираты Сарытауда. Түндік өзенінің бойында Шыңырау деген жерде тұр.

Хазіреттің негізгі шөберелері қазіргі Павлодар облысының Май ауданында өмір сүріп жатыр. Осы орайда сол кісі туралы халық арасында кең тараған кейбір мәлімет-әңгімелерді келтіре кетуді (1992 ж., «Дауа» газеті) дұрыс көрдік.

АУЫЛЫН САҒЫНҒАН АҒА

Бұхарда оқып жүрген кезінде Әбділдәні сағынып, арнайы іздеп ағасы Бөкетай келеді. Бір-екі күннен кейін Әбділдә ағасына: «Келуін келдің, енді сауап болсын десең, құдай оқуынан да бірдеңе үйреніп кет», – деп бастауыш оқуға береді. Бір күні қараса Бөкетай аулаға кірген қойларға қарап: «Қайран шопан аталарым-ай!» деп кемсеңдеп жылап тұрғанын көреді. Содан кейін: «Сенен ештеңе шықпайды екен. Еліңе қайта ғой», – деп ағасын ауылға қайтарса керек.

ТАЗАЛЫҚ ТУРАЛЫ

Мұса мырза өзінің екі жиен қарындасының (Қадірбибі мен Сәменбибі) бірін қалыңмалсыз Ақбалық хазіретке бергісі келеді. Бірақ Жаманкөт би: «Алдыр, мырза, үміткерінді сынайық» деген соң шақыртады. Сонымен, Ақбалық хазірет сәлемдесіп, үйге кіріп келген бойда галошымен төрге шығып кетеді. Бұл жағдайды отырған билер өрескел көріп сынайды. Сонда Ақбалық хазірет: «Ғалым – діннің

уәкілі. Біздің галошымыз жұрттың мәсісінен таза болуы керек. Дін уәкілі басқадан бір елі артық болар», – депті.

Мұса мырза бұл уәжге тоқтап, кейінгі отырыстардағы әңгімелерге де риза болып, жиенін Ақбалық хазіретке қосқан екен.

ТЕНТЕК ТӘНТИ

Біздің елде Тәнті деген бай болыпты. Бұл кісі негізінен орыс арасында (Ноғай, Сібір, Омбы жақта) жүріп байыса керек. Қазақ бай туысына қандай бауырмал: «ой-бауырымдап», қолқалап, елге көшіріп алады. Тәнтіге бір ауыл, оның әкесіне бір ауыл тігіп береді.

«Семіздікті тек қой көтереді» деп бекер айтылмаған. Тәнтіге жел, көзіне шел бітеді. «Тәнті» деп азан шақырып қойған атын айтқызбай, мырза атана бастайды. Тіпті, өз әкесі «Тәнтіжан» деп сөзді бастай бергеннен-ақ: «Әй, әке, сіз-ақ осы менің атымды жаттап алған екенсіз» деп ірілік көрсетеді. Ел ағасы құтырса ел құтырады деген, мырзаның тентектігін үлгі тұтқан ауылдың жастары енді қара жолмен кетіп бара жатқан кездейсоқ жолаушыларға тиісіп, «мырзаға неге сәлем бермейсің» деп қол жұмсауды шығара бастапты.

Осы жәйттерді Бестаудағы мешіт-медреседе қызмет істеп жүрген Ақбалық хазірет естіп, дандайсыған Тәнтіні тәубасына түсіруге бел буады. Пәуескеге үш ақбоз атты жеккізіп, Тәнтінің ауылына қарай жөнеледі. Қара жолдың шаңын бұрқыратып, қоңыраулатып Тәнтінің әкесінің ауылынан жанап өтеді. Пәуескені көрген Тәнтінің әкесі «аса бір үлкен ұлық келе жатыр, тез қарсы алсын» – деген хабарды баласына тез жеткізуге төте жолмен шапқыншы жібереді. Жедел хабар ұйықтап жатқан Тәнтіні аяғынан тұрғызғанша пәуеске де ауылға кіреді. Киініп үлгермеген Тәнті көйлекшен, дамбалшаң пәуескеге жақындаса, шымылдықтан біреудің аппақ қолы көрінеді. (Әбділдәнің денесі судағы аппақ балықтай болған соң Ақбалық атанған). Сасқалақтаған Тәнті аппақ қол генерал-губернатордың қолы екен деп, жабысып сүйе бастайды. Сол кезде хазірет Тәнтінің мойнынан шап беріп қысып ұстап-ап, ат айдаушыға «жөнел» деп әмір береді. Сүйретіліп келе жатқан Тәнтінің құлағына: «Сенің атың Тәнті» деп үш рет айқайлап, бүкіл ауыл адамдарының көзінше шаңға домалатып кетеді.

Ақбалық хазіреттің тез оралғанына таңырқаған ауылдастарына: «Көрші ауылда бір тентек атын ұмытып қалған екен, соған ат қойып келдім», – депті жайбарақат. Осы сөз бүкіл Орта жүзге жайылып кетіпті.

АҚБАЛЫҚ ХАЗІРЕТ ПЕН АБАЙ

Жоғарыда айтылған жәйттен кейін, бүкіл елге масқара болған Тәнті Ақбалық хазіретті көрсетіп, Семейдің окружной сотына береді. Таққан айыбы: «Ақ патшаға қарсы мұсылманның туын көтерді». Сонымен сот болатын күні Ақбалық хазірет сот үйіне кірмек боп, есігіне таяна бергенде, бір толықша жігіт: «Дат, тақсыр!» деп шапанының шалғайына жармасады. «Датың болса айт!» деген кезде әлгі жігіт: «Хазірет, осы албастының атасы кім?» деп сұраған екен. «Дәл сенсің», деп хазірет сот үйіне кіріп кетеді. Ет пісірімдей уақыт өткенде сот аяқталып, хазірет ақталып шығады.

Сот үйінен шығып келе жатса бағанағы жігіт: «Тақсыр, сөзіңіздің мәнін түсіндіріңіз» деп жауап сұрайды. Сонда хазірет: «Ежіктейтін не бар. Жер-ана босанайын деп тұрғанда оны албастының атасы Марту аңдыпты. Ойы – адамзаттың баласын ұрлап алып, одан сайтан жасамақ. Сол сияқты сот алдында толғатып тұрған адамды албастының атасындай аңдыған Марту – сенсің» деген екен. Әлгі жігіт: «Хазірет, ғафу етіңіз мен Құнанбайдың баласы Ибраһим (Абай) едім. «Орта жүздің ділмәрі Ақбалық хазірет Семейде сотта сөйлейді» деп естіп, әдейі келіп едік. Ат-шапан айып менен. Арнайы қонақ болыңыз», – деп өтінеді. Содан қонаққа шақырған межелі уақыты болған кезде Ақбалық хазірет Абайдың ауылына барса, ешкім қарсы алмайды. Үйіне кіріп сәлемдесе ешкім жауап қатпайды. Байқаса біреу шалқасынан жатыр екен. Мұндай құқайдың талайын көрген хазірет төрге барып жайғасып отырады. Сол кезде жатқан адамға «тіл» бітіп: «Тақсыр, сұрайтын үш сұрағым бар» депті. Хазірет: «Сұрай ғой, дертті болып тұра алмай жатқан ауру адамға жауап беру мұсылман елі хазіретінің парызы болады», деген екен. Жатқан адам: «Ғалыммын – ғибадатым жоқ, баймын – сақуатым жоқ, мұсылманмын – дұрыс намазым жоқ, сонда мен кімін?» депті. Сонда хазірет: «Ғалым боп ғибадатың болмаса, сен – перғауынсың, бай болып сақуатың болмаса, – сен қарынбайсың, мұсылман боп дұрыс намазың болмаса, сен – кәпірсің!» деген екен. Жауапқа риза болған жатқан адам ұшып тұра келіп, құшақтасып амандасыпты. Жатқан адам Абай еді. Ақбалық хазіретті тағы бір сынамақ болған екен.

Кейіннен Абай мен Ақбалық хазірет әзілдері жарасқан достық қарым-қатынаста болады.

Бірде екеуінің араларында мынадай әзіл-оспақ болыпты.

Хазірет: Атың кім?

Абай: Атым Абай.

Хазірет мырс етіп күледі.

Абай: Неге күлдіңіз. Әлде атым жаман ба? Әкем атымды қойғанда қалың Тобықтыға абай болсын деген ғой.

Хазірет: Әкең ақылды кісі екенінде дау жоқ. Ал енді бір отар қойдың жанына бір таяқ шаншыса, оның үстіне жаман күпі жауып, тымақ кигізсе, бұны қазақ «абай!» дейді. Бұл қасқырды ұрып соқпайды, жаудан қорғамайды, тек әншейін абай болады. Әкең мол дәулетімнің басында осындай бір абай керек деп, атыңды Абай деген болар, деп қалжыңдапты.

Халық санақтары

1822 жылы Жарғы енгізілгеннен кейінгі Баянауыл сыртқы округының территориясында 1822-1830 жылдар ішіндегі халық пен мал санын есептеудің алғашқы әрекеті айтарлықтай нәтиже бере алмады. Старшиналары бастаған жергілікті халық бұл іс-шараны орындауға үнемі қарсылықтарын көрсетіп отырды, бұған «Омбы облыстық сібір қырғыздарының басқармасындағы» Ф-338 хат алмасу құжаттары дәлел.

Автор ҚР ОММ (Алматы қ.) мен ООММ (Омбы қ.) мұрағаттарындағы материалдарды мұқият зерттеп барып 1830 бен 1868 жылдар аралығындағы өте құнды санақ құжаттарын тауып алды.

Алғашқы құжат Баянауыл сыртқы округы бекітілгенге дейін 1830 жылы «Баянауыл отрядының» әрекетімен құрылған екен.

Және «Ведомость о верноподданных киргизах Баянаульского округа за 1830 г.» ресімделген екен (құжаттан үзінді «Мұрағат материалдары» бөлімінде берілген).

Бұл ведомость 1836 жылға дейін Баянауыл сыртқы округының болысы бекітілгенше «ясақа» (мал салығы) алып тұру үшін негізгі құжат болып есептелген.

1836 жылы Баянауыл сыртқы округының заседателі Тихонович бұрынғылардан толық есеп пен құжат жасады: «Подробное описание киргизов, имеющегося у них скота, занимаемых мест под зимние кочевки в Баянаульском внешнем округе».

Бұл құжаттар Баянауыл округындағы шежірелерді зерттеуші тарихшыларға мол пайдасын тигізері анық, өйткені оларда осы өңірде өмір сүрген барлық ру өкілдері көрсетілген. Біздің бөлімдерде деректер тек Сырым руы бойынша ғана берілген.

1836 жылдан бастап санақ әр үш жыл сайын жүргізіліп тұрған және ҚР мен Омбы облысының Мем.мұрағатының қорларында сақталған. Біздің бөлімдерде 1845-1848 жылдар, 1854-1857 жылдар, 1860-1866 жылдардың құжаттары келтірілген.

1868 жылы Семей облысы құрылғаннан кейін «Сырым-Күшік-Бәсентиін», одан әрі «Қалмақ қырған» болысының, Бестау болысының барлық санақ мәліметтері Семей қаласына жіберіліп тұрған. 1868-1917 жылдардың жазылған құжаттары 1927-1929 жылдары Семей қаласындағы Кеңес үкіметінің алғашқы жылдарында өрт пен тонау кезінде жоғалған. Семей губерниясының «Ресей империясының 1887 ж. алғашқы жаппай санағының» санақ парақтары да жойылып кеткен. Бізге тек сол санақ нәтижелерінің жиынтық сандары ғана жеткен.

ҚР Мем.мұрағатындағы ұзақ іздестірулерден кейін мынадай құнды құжат табылды, ол: «Дөнетаевтар отбасының қарулы қарсыласуы туралы». 1884 жылы Дөнетаевтар отбасы (Досым): Байжұман, Тілеулі және Жанжіке болып болыс басқарушысы Рысқұл Сүгірәлинге (Қара) және үкіметке (полковник фон Бергтің казак отрядына) қарулы қарсыластық білдірген. Олардың тұтқынға

алынуы мен жер айдалуынан (каторга) кейін 1885 жылы Дөнетаевтар отбасының өкілдері «Кешіру туралы» сұрап өтініш жазады, оған Семей губерниясының төрт болысынан 2 мың адамның қолын жинайды. Соның ішінде біздің рудың өкілдері тұрып жатқан «Қалмақ қырған» мен «Шақшан» болыстары бар. Құжат араб тілінде құрастырылған және ол Шежірені жасауда көп пайдасын тигізді. Материалдарда Омбы уезі Покровская болысындағы 1884 жылдағы киіз үй иелерінің (кибитко-владельцев) санақтары бар (Құттымбет бөлімшесі).

1903 пен 1910 жылы Щербины экспедициясы «Қырғыздардың жер пайдалануы жөніндегі материалдар. Павлодар уезі.» құжатын құрастырған. Бұл жинақтағы Сырым руының орныққан жерлеріне қатысты деректер «Мұрағат материалдары» бөлімінде берілген.

Біздің ру өкілдерінің санағын зерттеудің қорытындысы 1930 жылдағы ауыр оқиғаларға дейінгі 1926 жылы құрастырылған «Қалмақ қырған» болысының № 1 және № 2 ауыл-кеңесі шаруашылығының тізімі болып табылады. Тізімде әр қораның қожайыны мен оның балаларының аттары берілген. Оның араб тілінен аударылғаны «Мұрағат материалдары» бөлімінде бар.



Мұрағат материалдары



**Материалы для географии и статистики России,
собранные офицерами генерального штата
Область сибирских киргизов
Часть 1. Глава 1.**

Составитель: генерал штаба подполковник Красовский.
Санкт-Петербург, 1868 год

Расселение Средней орды

I. Басентиинское поколение

Издrevле занимавшие своими кочевьями зимою берега: Иртыша, от Семиарской станицы до Качирской и р.Тюндюка, от урочища Калмак-Кырган до устья реки . Летом, при Иртышное население, пользующееся в настоящее время угожьями одного левого берега реки, отходит к югу и юго-западу на 20 и 50 верст, к озерным лугам и низовьям р.р.Уленты и Читерды, куда сообщаются на жайляу и тюндюкские обитатели. Главных родов этого поколения четыре:

1) Басентиин, с 4-мя под родами:

а) Бура, разбившиеся на 6 новых подразделений, образовавших сначала два, теперь один аул, в котором по исчислению 1857 года считалось 255, а в 1860 году 115 юрт.

б) Апай, с тремя отделениями, вновь разбившиеся на несколько подотделений, состоявших в прежнее (1835г) время 5, теперь 4 аула, с 388 юртами в 1857 году и с 403-я по исчислению 1860 года.

в) Актлес, с особым отделением Бийгаш, образовало один аул, в котором по обоим исчислениями было 137 юрт.

г) Сырым, с 2-мя отделениями, разбившимися на 5 новых подотделений, зимовавших на Тюндюке, в то время как первые 3 под рода Басентиинского рода всегда стояли на Иртыше. Из 5-ти подразделений Сырымовцев, составляющих прежде 6 аулов, теперь образовано 5 с 544 юртами в 1857 году и с 547 по исчислению 1860 года. Вообще же из 4 под родов Басентиинского рода образована того же названия волость, состоящая в настоящее время из 11 аулов, в коих числится 1202 юрты.

Летом Бурунские, Апаевские и Актиевские под роды отходят от Иртыша и к югу на 20 до 50 верст. Осенью, рассчитываю менее платить, большинство населения всех 3-х под родов становится у колодцев в 10 и 15 верстах расстояния от реки, а с началом ноября занимают зимовки против и между станциями Подстепная, Черноярка и Григорьевка, против н.Павлодара и ст.Песчаной. Сырымовские киргизы (в числе 5-ти аулов) зимуют, по прежнему же, на низовьях реки Тюндюк, от сопки Джиланды до озера Карасар, преимущественно по левому берегу реки, но на летовку к озеру Аккуль уже не двигаются с 1859 года, т.е. с того времени когда между баян-аульскими и акмолинскими киргизами начала

упорный спор за Аккульские зимовки. С окончанием этих споров, сомнения нет, сырымовцы если только не обеднеют за это время перевозочными средствами, возобновят свои прежние летние передвижения к низовьям Чидерты; теперь же они ограничиваются летними переходами к северо-западу от Тюндюка верст на 40 или 50, а осенью стоят на 10 верст от реки.

Размещение басентииновских подразделений, как видно, самое невыгодное, за исключением Сырымовского подрода (в составе 5 аулов с 547 юртами) и несколько семей киргиз из рода Байымбет, все остальные (т.е. 20 подродов, с новыми, уже приобретающими в народе значение своею численностью, отделениями и подотделениями), за недостатком других земель, жмутся к реке Иртыш, где при дальнейшем размножении народа, из-за которого непрерывно выделяются части, нуждающиеся по разным причинам в новом отводе угодий, поколение кочевых жителей становится год от года затруднительнее.

ВЕДОМОСТЬ
О верноподанных киргизах Баян-аульского округа:
ноябрь, 30 дня, 1830 года

Аул	Звание родов и киргизов	Где имеют зимние кочевки
1	<p>Басентиинская Волость Сырым-Басентиинский род</p> <p>Бий Айдарбек Қосағалы Шоқа Айдарбек Сейтен Қоныспай Ескене Айдарбек Әділбек Қосағалы Мұсабай Нөгербек Тайман Нөгербек Жалпақ Нөгербек</p>	<p>Урочище Үшқара</p>
2	<p>Аманжол Келден Бісмiлдә Келден Төлеміс Тұрдығұл Сатығұл Төлеміс Сәтпай Тұрдығұл Болтай Жанұзақ Бердібай Болтай Есенғұл Айгелді Аманғұл Айгелді Токтыбай Айгелді Мықтыбай Айгелді Жаныспай Айгелді</p>	<p>Урочище Жыланды Тау</p>
3	<p>Бий Мерген Жәнібек Битоқа Жәнібек Бекберген Битоқа Бекіт Битоқа Байтоқа Жәнібек Шаныбай Боздақ Бәйтiк Қосағалы Малыбай Жолтабар Толыбай Жолтабар Жаныбай Жолтабар Жаксыбай Жаспан Бабай Қоныспай</p>	<p>Урочище Үшқара</p>
4	<p>Старшина Бісмiлдә Тiлеукабыл Қазанғап Өтеген Токтың Өтеген Кенетай Құдайберген Шегiр Саты (Саган)</p>	<p>Урочище Қарашоқы, Жылан</p>

4	<p>Старшина</p> <p>Кәрсен Мыржык Керней Мыржык Толай Қоныспай Қожан Қоныспай Мүшек Қоныспай Қараөзек Қоныспай Ертіспай Бабаш Төлен Бабаш Бокан Дүйсенбай Шабьғай Жаншуак Бертобық Жаншуак Жұман Сасықпай Құттыбай Қоянтай Айғасқа Қоянтай Уақбай Қарнак Ералы Тайсары Матай Тайсары Тұяқ Тайсары Тыналы Тайсары Қожантай Тайтақ Боштай Жетібай Есіркеп Ермек Мүсіреп Ермек Қыстаубай Ермек Тұрдығұл Қайдауыл Матығұл Қадыр Бурабай Қадыр Құтпай Боранбай Қожақ Боранбай Мейірман Боранбай Мадияр Естек Бәйтiк Белек Алдабердi Бәйтiк Қондыбай Дос Қаспак Дос Байқұтан Дос Баба Дос Өлеңтi Болтай Өлекшiн Мұнай Аманғұл Төлек Байтемір Төлек Бектемір Төлек</p>	<p>Урочище Қарашоқы, Жылан</p>
	<p>Жақсылық Байсары Көтенбай Байсары Күнұзақ Сандық Дәулет Бозай</p>	<p>Урочище Актас</p>

		Қаумет Бозай Көшен Таубасар Жалтыр Ертісбай (Ырысбай) Кошқарбай Ертісбай (Ырысбай) Андамас Жаманқұл	Урочище Ақтас
5	Бий	Тоқбура Марал Есжан Тоқбура Бердібек Жанкісі Сырымбет Жанғұл Тыбытай Сапақ Өдербай Сапақ Сартымбет Қунақай Төлек Әйтей Жабағы Әйтей Батырбек Әйтей Боршабет Әйтей	Урочище Тілеуімбет
		Қадырбек Қосушың Қыстау Қосушың Киітбай (Киікбай) Қадырбек Артықбай Құлжан Қарынбай Құлжан Кішкентай Құлжан Қорған Құлжан Өген Құлжан Иман Құлдос Байтоқа Құлдос Тәттібай Базаркелді Киік Тәттібай Күйкентай Тәттібай Тұрымтай Тәттібай Қатпа Құттыбай Қуантай Самұрза Құлынтай Самұрза Таңқай Ақмырза Жуандық Ақмырза	Урочище Едіре
		Алтай Сапақ Тама Құнақай Меңді Құнақай Қотан Құнақай Нияз Құнақай Жасыбай Жалаң	Урочище Тілеуімбет
		Түйтебек Ақты Базылбек Ақты Табылды Төлес	Урочище Бесшоқы

		Еден Төлес Байғана Төлес Кошқарбай Ырыс Қаман Жайылған Мықтыбай Жайылған	Урочище Бесшоқы
6	Бий Бий	Үмбет Баймырза Әзберген Баймырза Мұңсыз Баймырза Еден Баймырза Құлыбек Еден Жанмырза Тілеу Қарамырза Тілеу Ақмырза Тілеу Кисық Өтебай Бердібай Өтебай	Урочище Қарашоқы
7	Старшина	Мәңгібай Кішкентай Наурызбай Ырсымбет Қантай Ырсымбет Тілеміс Арыстанбай Жансерке Барыстанбай Тайтандым Бейсен Баутан Бейсен	Урочище Қылыш, Ренді
8		Тышқанғұл Күшікбай Қылыбай Күшікбай Игібай Күшікбай Нұрсейіт Түндікбай Досымбек Тұнғозы Қосубек Тұнғозы Сәңке Бұланды Төлеген Санрық Әлімбек Тұнғозы Болтай Байғозы Жантулы Абыз Қодар Өмір Мәмбет Санрық	Урочище Қылыш, Қараөзек
9		Төбет Итемген Үндемес Итемген Тезекпай Мойнақ Байгел Итемген	Урочище Қылыш, Қараөзек
10		Жансүгір Көрпе Қойшыбай Көрпе Жантоғай Беркін Қоқым Боқан Сықым Бойшан	Урочище Қараөзек, Қойтас

10		<p>Құлтума Көрпе Балпаң Байғозы Карпық Байғозы Жәпек Байған Байтұяқ Құншынбай Тайғана Итемген Бек Тастемір Құмытай Сәти Токбөрі Сәти Қосуақ Сатыбалды Байшуақ Сатыбалды Бегімтай Төлес Еренші Төлес Байтақ Төлес Байназар Төлес Тайлақан Төлес</p>	<p>Урочище Қараөзек, Қойтас</p>
		<p>Базарбай Жұлық Барлыбай Мырзабай</p>	<p>Урочище Қойтас</p>
11		<p>Жабағы Жаманша Қазанғап Кейкі Құнантай Ордабай Баубек Ордабай Байсымақ Баубек Қыстаубай Төлен Буранғұл Жаманша Сармақ Жаманша Нұрман Жаманша Күшік Майемген Ашшытер Бауық Әли Шоматай Тезекбай Бектемір Шабар Бектемір</p>	<p>Урочище Тілеуімбет</p>
12		<p>Мекенай Жанкөт Кенжек Жанкөт Тұрдыбек Тұрпан Шоңқа Бокы Көрпебай Жолай Маман Мауқы</p>	<p>Урочище Тілеуімбет</p>
13	Бий	<p>Ақтан Саржан Болатай Ақтан Каспақ Ақтан Бостанбай Ақтан Асан Ақтан Бәйіс Саржан</p>	<p>Урочище Жамантау, Кисық, Көктас</p>

13	Бий	Қостан Шонай Қосет Шонай Байсал Медет	Урочище Жамантау, Кисык, Көктас
14		Байбөлек Қуат Есенгелді Қуат Жаналы Қуат Өтен Қуат Аулабай Қуат Бапаң Қуат Сарт Қуат	
15		Итқұл Байжан Тезекбай Байжан Козыбақ Байжан Кенімбай Байжан Қосай Байжан Мұжық Байжан Текебай Бекше Байтілеу Бекше Уақбай Бекше Кұлболды Бекше Аюке Бекше Басбақай Төбет Әйтеке Байжан	Урочище Қисык, Көктас
16		Көшкен Тілеуберді Таң Тілеуберді Белгібай Тілеуберді Байтұра Байсейіт Тай Байсейіт Жұмағұл Байсейіт Жаманқұл Байсейіт Құт Байсейіт Өтеп Байсейіт Табылды Шорбай	Урочище Жамантау
17	Бий	Жанғожа Тықыбай Бөкбасар Көксары Отыншы Тықыбай Татанай Тықыбай Байтанат Байқоңыр	Урочище Қозыбақ

Баян-аульський Округної приказ

**Подробное описание киргизов Баян-аульского округа,
имеющегося у них скота
и занимаемых ими мест, под зимние и летние кочевки
23 дня, января 1836 года**

Имена и названия Султанов, Старшин, Биев и киргизов, название родов или аулов	Число		Число душ обоих пола		Кол-во скота		Название мест кочевания	
	аулов	юрт	мужчин	женщин	лошадей	КРС баранов		
Отделение Мурат-Шерір								
Аульный старшина: Конакпай Аулабай	1	2	6	8	60	6	300	В Западную сторону через урочища: Түндік, Бестау, Алтыбай, Жамантүз, Кудайкүл, Кара-сор, Актас, Көшөзөк, Жайылма Аккөл мен Өлөңтү өзеніне дейін
Аулабай Куат								
Көшкөн Тілеуберді		3	9	12	90	16	500	
Сүйнішпай Көшкөн								
Тыныштыкпай Көшкөн								
Тан Тілеуберді		2	6	8	6	3	40	
Кабыл Тан								
Болатпай Актан								
Куанбай Болатпай		3	9	12	100	10	250	
Буланбай Болатпай								
Бостанбай Актан		1	3	4	9	6	80	
Үсен Актан		1	3	4	30	4	150	
Костап Актан		1	3	4	50	8	100	
Асан Актан		1	3	4	11	3	60	
Елеусіз Байыс		1	3	4	12	8	15	
Байыс Саржан		1	3	4	13	6	-	
Каркымбай Байсал		1	3	4	6	1	35	
Байсал Мелет		1	3	4	10	2	30	
Байгел Байсал		1	3	4	5	4	-	
Мырзабек Жасыбай		1	3	4	1	6	30	
Мужык Байжан		1	3	4	3	7	-	
Кудайкүл Байжан		2	6	8	30	12	150	
Жаркынбай Кудайкүл								
Ұркымбай Тезекбай		1	3	4	29	10	50	
Кенімбай Байжан		1	3	4	3	8	150	
Косай Байжан		1	3	4	6	10	80	
Әйтек Байжан		1	3	4	8	10	50	
Төбет Әбде		1	3	4	3	6	60	
Текебай Бекше		1	3	4	50	3	150	
Кудболды Бекше		1	3	4	15	9	-	

Байтілеу Бекше		1	3	4	15	6	-	
Қозыбақ Байжан		1	3	4	100	3	250	В Западную сторону через урочища: Түндік, Бестау, Алтыбай, Жамантүз, Құдайқұл, Қара-сор, Ақтас, Көшөзек, Жайылма Ақкөл мен Өлеңті өзеніне дейін
Тыныбай Бапан		3	9	12	230	16	600	
Бапан Қуат		2	6	8	15	14	250	
Қарасай Бапан		1	3	4	12	6	30	
Сәти Сарт		2	6	8	150	9	500	
Қойшы Сарт		1	3	4	3	5	10	
Табылды Шорабай		1	3	4	6	10	15	
Сәтбақ Байбөлек		1	3	4	3	3	10	
Байбөлек Қуат		1	3	4	1	3	-	
Жаналы Қуат		1	3	4	3	6	50	
Есенгелді Қуат		1	3	4	8	8	60	
Өтен Қуат		2	6	8	12	8	-	
Магай Өтен		1	3	4	-	3		
Белгібай Шорбай		1	3	4	6	9	80	
Кұдайсүгір Аюке		1	3	4	1	6	-	
Қостан Шонай		2	6	8	9	10	60	
Қосет Шонай		1	3	4	5	6	-	
Байтұра Барак		1	3	4	1	9	-	
Өтеп Барак		1	3	4	9	8	100	
Тай Бейбарак		1	3	4	6	19	-	
Жаманқұл Бейбарак		2	6	8	9	10	60	
Жұмағұл Бейбарак		1	3	4	5	6	-	
Құт Бейбарак		1	3	4	1	9	-	
Сүйкімбай Тұрғай		1	3	4	9	8	100	
Бұқабай Жабағы		1	3	4	6	19	-	
Төлеген Барак		1	3	4	1	9	40	
Всего:	1	58	174	232	1119	320	4335	
<u>Отделение Самай-Жабык</u>								
<u>Подразделение Сексен</u>								
Аульный старшина: Бектемір Орынбай	1	1	3	9	80	8	50	Зимовки на урочище Тілеуімбет
Сәтім Бектемір		1	3	4	40	6	100	
Тезекбай Бектемір		2	6	8	20	6	40	
Шабар Бектемір		1	3	4	10	4	20	
Маман Боқы		1	3	4	10	8	20	
